

Кейбір селолық округтардың шекараларын өзгерту туралы

Ақмола облыстық мәслихаты мен Ақмола облысы әкімшілігінің бірлескен шешімі.
2002 жылы 19 шілдедегі N С-18-10. Ақмола облысының Әділет басқармасында 2002 жылы 30 қазанда N 1345 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабындағы 1 тармақтың 4 тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабына сәйкес облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі шешім етті: облыстың әкімшілік-аумақтық құрылымына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

Ж а қ с ы а у д а н ы б о й ы н ш а :

1. Белағаш селолық округінің шекаралары өзгертілсін және екі әкімшілік-аумақтық бірлік құрылсын:

Белағаш селосының шекарасында Белағаш селолық округі, орталығы Белағаш селосы;

Подгорное селосының шекарасында Подгорное селолық округі, орталығы Подгорное селосы.

2. Қайрақты селолық округінің шекаралары өзгертілсін және екі әкімшілік-аумақтық бірлік құрылсын:

Қайрақты, Набережная, Старое Перекатное селоларының шекарасында Қайрақты селолық округі, орталығы Қайрақты селосы;

Тарасовка селосының шекарасында Тарасовка селолық округі, орталығы Тарасовка селосы.

3. Новокиенка селолық округінің шекарасы өзгертілсін және екі әкімшілік-аумақтық бірлік құрылсын:

Новокиенка, Парчевка селоларының шекарасында Новокиенка селолық округі, орталығы Новокиенка селосы;

Киевское селосының шекарасында Киевское селолық округі, орталығы Киевское селосы.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы

Облыс әкімі

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң

хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК